

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ



РЕШЕНИЕ
ШАЛКАРСКОГО РАЙОННОГО
МАСЛИХАТА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

031200, Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы,
Әйтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslihat-shalkar@mail.ru

031200, Актюбинская область
город Шалкар,
ул. Айтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslihat-shalkar@mail.ru

«__» _____ 20__ жыл

№ ____

«__» _____ 20__ года

Шалқар аудандық мәслихатының шешімі №181 28 ақпан 2018 жыл
Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-13-180
болып тіркелген

**Шалқар аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 мамырдағы №108
«Шалқар ауданында әлеуметтік
көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларын бекіту
туралы» шешіміне өзгерістер енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы №108 «Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілердің

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5528 санымен тіркелген, 2017 жылы 15 маусымдағы «Шалқар» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шалқар ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

«1. Жалпы ережелер» тарауында

7 тармақтағы:

«Отбасы күні-қыркүйек айының екінші жексенбісі;» сөздері алып тасталсын:

«2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және көмектің мөлшерлері» тарауында

9 тармақтың 3) тармақшасындағы:

«аз қамтылған отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға және он сегіз жасқа дейінгі балаларға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алатындарға 1(бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Жұмыспен қамту бөлімінің тізімі негізінде;» сөздері «аз қамтылған отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға 1(бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Жұмыспен қамту бөлімінің тізімі негізінде; » сөздерімен ауыстырылсын:

13 тармақтағы:

«қыркүйек айының екінші жексенбісі - Отбасы күніне орай:

8) атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ішінде 18 жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған аз қамтылған отбасыларға, 20000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде» сөздері алып тасталсын;

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

О.Уксакбаев

**Шалқар аудандық мәслихатының
хатшысы**

С.Бигеев

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы

Қ.Утаров